"ZIYATKER TURAN"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

Товарищество с ограниченной
ответственностью
"ZIYATKER TURAN"
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент, Каратауский
р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

БҰЙРЫҚ
01.09.2026
№ 207 ж/қ
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
01.09.2026
№ 207 л/с
город Шымкент

Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу туралы

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру, адалдық пен парасаттылық құндылықтарын насихаттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026-2027 оқу жылында мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылсын.

2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Өтеш, сынып жетекшілері:
• оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын;
• сынып сағаттары мен тәрбие іс-шараларының өткізілуін қамтамасыз етсін;
• оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізсін.

3. Сынып жетекшілеріне:
• «Адалдық - асыл қасиет»;
• «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»;
• «Парасатты ұрпақ - жарқын болашақ»;
• «Адал болу - әр адамның міндеті» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізу тапсырылсын.

4. Мектептің педагог-психологы С.К.Катбаева оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және құқықтық мәдениет құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізсін.

5. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы оқушылар арасында «Адал ұрпақ», «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыптарында ақпараттық және шығармашылық іс-шараларға белсенді қатыстырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры : **Ы.А.Жаутиков**